

4. Қазақстан Республикасы Президенті. Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі Тұжырымдамасы. - 3 желтоқсан. 2003 жыл - N 1241 Жарлығымен бекітілген. – Жеке басылым.

5. Қазақстан Республикасы Президенті. Қазақстан Республикасы Президентінің «Бәсекеге қабілетті Қазақстанға, бәсекеге қабілетті экономикаға, бәсекеге қабілетті ұлтқа» Жолдауы. (Астана, 19 наурыз 2004 жыл). – Жеке ресми басылым.

6. Айғаринова Г.Т. Қазақстан Республикасында жерді пайдалану мен қорғау үшін ақы төлеуді құқықтық реттеу мәселелері: дисс. канд. юрид. наук. - Алматы, 2007.

7. «Шаруа немесе фермер қожалығы туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 31 наурыздағы Заңы.

8. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы (Жалпы бөлім).

\*\*\*

This article reviews the issues of agriculture and rural development, activities carried out under an important law on state regulation as well as spoken about the importance of public policies carried out under government programs to improve the situation of rural residents.

\*\*\*

В этой статье рассматриваются вопросы сельского хозяйства и развития сельских районов, деятельность, осуществляемая в соответствии с законом о государственном регулировании, а также важности государственной политики, осуществляемая в рамках государственных программ по улучшению положения сельских жителей.

*А.Т. Өзенбаева*

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қазақстан – мал шаруашылығы дәстүрлі дамыған ел. Жергілікті халықтың әдет-ғұрпы мен ғасырлар бойғы тәжірибесімен, жайылымдық жерлердің кең байтақ көлемі қар аз жауатын қысы және ұзақ уақыт аязсыз кезеңмен ерекшеленетін қолайлы климаттық жағдайы мал шаруашылығының барлық салаларын табыспен дамытуға мүмкіндік береді.

Мал шаруашылығы ауыл шаруашылығының негізгі салаларының бірі болып табылады. Бұл салада тұрғындардың негізгі тағамдық азықтары жасалады, адам орта есеппен тағамға қолднылатын колорияның 30%-ға жуығын және 60%-ға жуығын мал шаруашылығы өнімі есебінен алады. Мұнымен қатар мал шаруашылығы өнеркәсіптің ет-сүт, тағам, жеңіл және басқа салалары өндірісін шикізатпен қамтамасыз етеді. Мал шаруашылығы деген ұғым ауыл шаруашылығының бір топ салаларын: ірі қара мал шаруашылығын, қой шаруашылығын, құс шаруашылығын, шошқа, бал арасы шаруашылығын, аң шаруашылығын және басқаларды қамтиды. Мал шаруашылығы жүйесі деп мал басын неғұрлым өнімді пайдалануға еңбек пен қаржы шығындары төмен болаған жағдайда бәсекеге қабілетті өнім өндіруді ұлғайтуға бағытталған, ғылыми негізделген ұйымдастыру-экономикалық және зоотехнологиялық шаралар кешені түсіндіріледі [1, 176-177б].

Қазақ елінің мал шаруашылығымен айналысу мәселесі тәуелсіздік алғаннан кейін төмендеп кетті. Мал шаруашылығы өнімін өндірудің қазіргі көлемі ішкі рыноктың төлем қабілетті сұранысының деңгейімен сәйкес келеді. Ішкі рыноктың сыйымдылығы шектеулі және өзінің табиғи өсу қарқыны болғанымен халықтың төлем қабілетіне тәуелді. Сондықтан мал шаруашылығы өнімдерінің жекелеген түрі ішкі рынокқа - сүт өндірісіне, сондай-ақ құс, шошқа және жылқы шаруашылықтары өнімдерін өндіруге бағдарланған.

"Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 14.12.2001 ж. N 269-II Заңы және заңға тәуелді актілер қабылданды. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган заңның негізінде заңға тәуелді актілерді мемлекеттік реттеуді әзірлеп асыл тұқымды мал шаруашылығы субъектілерін аттестаттауды, асыл тұқымды мал шаруашылығының аттестатталған субъектілерінің қызметін бақылау мен қадағалауды, сондай-ақ салаға мемлекеттік қолдау көрсетуді жүзеге асырады. Жергілікті мемлекеттік органдар да "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасының 14.12.2001 ж. N 269-II Заңына және заңға тәуелді актілерге сәйкес республикалық бюджет

қаражаты есебінен жүзеге асырылатын қолдау нысандарынан басқа бағыттар бойынша асыл тұқымды мал шаруашылығына мемлекеттік қолдау көрсетуге құқылы [2].

2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік азық-түлік бағдарламасын жүзеге асыру жұмыстарында. 2001 жылмен салыстырғанда, ірі қара малдың басы – 24,3 пайызға, қойдың саны – 30,8 пайызға, шошқа – 20 пайызға, жылқы – 14,7 пайызға, түйе – 22,5 пайызға, құс – 22,3 пайызға артып отыр. Асыл тұқымды мал өсіру көрсеткіші де 2 есеге өсті. Саланың негізгі капиталын жаңартуға 600 миллиардқа жуық теңге немесе 2002 жылмен салыстарғанда, жыл сайын 7 есеге көп қаражат тартылған [3].

2007 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 2008 жылғы желтоқсанның 1-індегі жағдай бойынша ірі қара малдың басы – 2,8 пайызға, қой-ешкі басы – 5 пайызға, шошқа – 1 пайызға, жылқы басы – 6 пайызға, түйе басы – 3,4 пайызға, құс – 10,5 пайызға артып отыр. Мал шаруашылығы өнімдерін өндіруде де оң үрдіс байқалып отыр. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу көрсеткіші жыл сайын еселеніп келеді. Банк несиелері бойынша ставка сыйақыларын субсидиялау жөніндегі мемлекеттік қолдау шараларының арқасында лизингтік компаниялар жаңа технологияларды енгізуде, ауыл шаруашылығының шикізат өнімдерін өңдеудің үлесі артып, шығарылып отырған өнімдердің түрлері кеңейтілуде [4].

Дегенімен осы уақыт аралығында мал басы орта есеппен 44 %-ға өсті. Мал өнімдерін өндіру көлемі де осы деңгейге дейін көтерілді. Тоқтап қалған 14 құс фабрикасы өз жұмысын қайта бастап, жаңадан 8 жаңа өндіріс іске қосылды. Осының арқасында құс етінің импорт көлемі 70 %-дан 58 %-ға төмендеді. Асыл тұқымды мал шаруашылығы да бұрынғы қалпына келе бастады.

Мал шаруашылығын жүзеге асыруда көптеген заңнамалар мен бағдарламалар қабылданды. Соның ішінде асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту мақсатында да нормативтік құқықтық актілер қабылданып жатыр. Мемлекет тарапынан да көптеген қолдаулар көрсетілді. Асыл тұқымды мал шаруашылықтарының саны 37 %-ға көбейіп, асыл тұқымды мал санының үлесі 2-3 есеге артты. Қанша қолдаулар болғанымен де егін шаруашылығынан мал шаруашылығы біршама артта қалып тұр. Экономиканың аграрлық саясатты жүзеге асыруға және аграрлық секторды дамыту мақсатында биылғы жылы АӨК-ні дамытудың алдағы 5 жылға жоспарланған салалық бағдарламасы әзірленіп, бекітілді. Бағдарламада мал шаруашылығы саласын дамыту және оны сапалы жаңа деңгейге көтеру мәселелеріне көрсетілді.

Мал шаруашылығының шикізат ретінде ет және сүт өнімдерін өндіру, құс шаруашылығы мен биязы жүнді қой шаруашылығын дамыту алдыңғы орына тұр. Мал шаруашылығы өнімін алуда, оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет. Ол үшін ветеринария саласын дамытып, ветеринария мекемелері мен мамандарының санын ұлғайту мәселесі тұр. Сонымен қатар малды азықпен қамтамасыз ету керек, ол үшін жайылымдық жерлердің мүмкіндігін көбейту, жайылымдыққа жарамсыз жерлерді тиімді суландыруды арттыру және қалпына келтіру қажет. Ендігі мәселе мал шаруашылығын асылдандыру жұмысын үдету керек, өйткені тәуелсіздік алғаннан бері жоғарыда атап кеткедей мал, ірі қара малдарды селекция-асылдандыру жұмысы жүзеге асты. Сол себепті мал тұқымының бұзылуы мен ұсақтануына алып келді.

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың 2006 - 2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2006 - 2008 жылдарға арналған бірінші кезектегі шаралар бағдарламасы қабылданды қабылданғаннан кейін, бұл мәселені қолға алып, асылдандыру жұмысы жүзеге асырыла бастады. Малды ұрықтандыру үшін малды шет елден экспорттайды. Мысалы, Малдың тұқымдық құрамын жақсарту және үлестік салмағын жоғарылату мақсатында 2007 жылы Қазақстан Республикасына Канададан 1700 бас құнажын мен тана әкелінді. Оның 1504 басы жоғары өнімді “голштин” тұқымы [5]. Мал шаруашылығы бойынша "Асыл түлік" ААҚ асыл тұқымдық орталығы құрылып, оған 56 бұқа және бұқа ұрықтарын алуға, мұздатуға және сақтауға арналған арнайы технологиялық жабдықтар әкелінді, аймақтарда 18 облыстық дистрибьютерлік орталық құрылды; Етті құс шаруашылығы бойынша асыл тұқымдық "Астана құс" ААҚ шаруашылығы құрылды, "Сибиряк" кросса құсы әкелінді және республикамыздың құс фабрикаларын асыл тұқымдық

жұмыртқамен қамтамасыз ету басталды [6]. Малдың генетикалық әлеуетін арттыру, селекциялық жұмысты жақсарту, оның ішінде малдың әлемдік, және отандық гендік қорының озық жетістіктерін пайдалана отырып, мал шаруашылығын өнеркәсіптік негізге көшіру қажеттігі туындап отыр.

Еліміздің ежелден айналысып, қыр-сырына әбден қаныққан шаруашылығының бүгінгі күнгі өтімді саласының бірі құс шаруашылығы болып табылады. Жылдам дамып, қысқа мерзімде адам ағзасына жұғымды да пайдалы құс еті және жұмыртқасын көптеп өндіруге болатын ауыл шаруашылығының бұл өсімтал саласының мемлекеттік азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қосар үлесі зор. Енді осы маңызды саланың қазіргі кездегі жағдайына, шешуін таппай тұрған мәселелеріне тоқталайық. Басқа мал түлігін өсірумен салыстырғанда құс өсіру біршама механикаландырылған. Бүгінгі таңда елімізде он мыңнан астам адамды жұмыспен қамтамасыз етіп отырған 40-тан астам құс фабрикалары бар. Олардың 28-і тағамдық жұмыртқа өндірумен шұғылданса, 12-сі құс етін өндірумен шұғылданады. 2008 жылы еліміздегі құс саны 2007 жылмен салыстырғанда 9 пайызға артып 30 миллионнан асты, сөйтіп соңғы онжылдықта құс саны екі еселенді. Олардың басым бөлігі, дәлірек айтқанда 27 пайызы немесе 8 миллионы Алматы облысының, 12 пайызы немесе 3,7 миллионы Қостанай облысының, 10 пайызы немесе 8 миллионы Шығыс Қазақстан облысының шаруашылықтарында өсіріледі. Былтырғы жылы республикада 2,7 млрд. дана шамасында жұмыртқа өндірілсе, оның 70 пайызға жуығы осы үш облыстың және Солтүстік Қазақстан мен Оңтүстік Қазақстан облыстарының үлесінде. Жұмыртқа өндірісінің өсуіне, құс басының көбеюмен қатар мекиендер өнімділігінің артуы да елеулі әсер етуде. Мәселен, соңғы екі жылда мекиендердің жұмыртқалауы 5-6 жұмыртқаға немесе 3-4 пайызға артқан. Бұған салада түбегейлі жүргізіліп отырған құс басын сұрыптап-асылдандыру және азықтандырып, бағып-күту жұмыстарының нәтижесі деп қарауға болады. Соңғы жылдардағы құс шаруашылығындағы орын алып отырған осындай жетістіктерге қарамастан, саланың қарқынды дамуына кедергі болар жағдайлар да бар. Алдымен шешуін табуды қажет ететін мәселе – өсірілетін құс басын асылдандыру ісі. Отандық құс кросстарының болмауынан жыл сайын шетелдерден 3,5 млн. долларға жуық қаражатқа 1,5 млн. балапан сатып алынады. Екіншіден, саланың жылдам және экономикалық тұрғыдан тиімді дамуы берік азық қорына негізделуі қажет. Ол үшін тағамдық астық дайындаумен қатар, құс шаруашылығына қажетті азықтық жемнің кепілдік қорын дайындау ісі де мемлекеттік деңгейде шешімін табуы тиіс [7].

Сондай-ақ, бізде жұмыртқа бағытындағы құс шаруашылығының асыл тұқымдық базасы жоқ және бұл жағынан біз толығымен импортқа тәуелді болып отырмыз, және де құс фабрикалары асыл тұқымдық жұмыртқа және тәуелді балапан импортына жыл сайын 1 млрд. теңгеден астам қаржы жұмсауда. Аталған мәселелерді шешу үшін бір жағынан етті бағыттағы «Астана құс» мамандандырылған асыл тұқымды шаруашылығының қуатын арттыру, ал екінші жағынан 2 жекеменшік асыл тұқымды репродукторды тарту арқылы оның базасында бірінші орындағы жұмыртқалы құс шаруашылығы репродукторын құру жоспарлануда.

«Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты 2011 жылғы Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында биыл мал шаруашылығын дамытуға бағытталған бағдарлама қабылданып, 2016 жылы ет экспортын 60 мың тоннаға жеткізу туралы алға мақсат қойылды. Мал шаруашылығын дамытуда басты мақсаты еліміздегі етті мал шаруашылығының тиімділігін, саладағы еңбек өнімділігін арттыру, жергілікті асыл тұқымды малдарды дамыту болып табылады. Барлық түрі бойынша мал басы мен құс санына келсек, елімізде мүйізді ірі қара саны – 6,5 миллион бас, қой мен ешкі – 19,0 миллион бас, жылқы – 1,56 миллион бас, түйе – 164,9 мың бас, құс – 34,8 миллион бас, шошқа – 1,56 миллион басты құрады [8].

Қазақстанда мал шаруашылығы саласын дамытудың негізгі мақсаты – еліміздің ішкі сұранысын мал шаруашылығы өнімдерімен толық қамтамасыз ету және оның экспорттық әлеуетін іске асыру болып табылады. Аталған мақсатқа ағымдағы жағдай мен ішкі сұраныстың арту перспективасын ескере отырып, қолда бар асыл тұқымды мал басының сапасын арттыру есебінен қол жеткізу мүмкіндігі бар. Іске асырылатын шаралар есебінен

елімізде 2015 жылы асыл тұқымды мал басының жалпы санын 2 есеге дейін арттырып, ал 2020 жылы – 4 есеге арттыру жаспарлануда. Асыл тұқымды мал басының жалпы саны 2020 жылы 2 есеге арттырылмақ. Бұл өз кезегінде, ішкі рыноктың сұранысын жоғары сапалы сиыр етімен толық қанағаттандыруға және экспорттық әлеуеттің біртіндеп артуына алып келеді. Осы ретте, Қазақстан 2013 жылы 13 мың тонна, ал 2020 жылы 83 мың тонна сиыр етін экспортқа шығаруды көздеп отыр [5].

Бұл ретте 2020 жылға қарай еліміздегі сиыр етін өндіруді 795 мың тоннаға дейін жеткізу шараларын жүзеге асыру көзделіп отыр. Сонымен бірге, тұжырымдама аясында етті мал шаруашылығын дамыту үшін әлемдік тәжірибелер, инновациялар енгізу, бизнесті, инвестицияны осы салаға тарту шаралары қарастырылады. Шет мемлекеттерде де ауыл шаруашылығы, оның ішінде мал шаруашылығын дамытуда заңдар қабылдаған. Көптеген елдерде аграрлық кодекс, ал кейбір елдерде аграрлық нормативтік актілер, ал ауыл шаруашылық заңнамалар кейбір жерлерде бір жүйеге келтірілмегендіктен ауылшаруашылық заңнаманың инкорпорациялық дамыған нысандары жүзеге асырылады, мысалы АҚШ-та. Мал шаруашылығын дамыту саласында заңнамаларды мысалдарды алып қарастыруға болады. Мысалы, Қытай экономикасының маңызды саласы ауыл шаруашылығы болып табылады. Ауыл шаруашылығының жетекші саласы – өсімдік шаруашылығы, ал мал шаруашылығы екінші орында болып тұр. Үкімет шаруаларды жан жақты қолдау саясатын жүргізді, олардың өмірін жақсартуға ұмтылды. Шаруалар ауыл шаруашылығы салығынан, мал сою салығы және ерекше ауыл шаруашылығы өнімі салығынан толық босатылды, сондай-ақ арнайы субсидия беру белгіленген, мысалы, ауыл шаруашылығы қызметімен айналысатын шаруаларға субсидия, селекциялық тұқым шығару үшін, ауыл шаруашылығы құралдары мен жабдықтарын сатып алу үшін субсидия беру. 2006-2010 жылдарға арналған он бірінші 5 жылдық жоспары шеңберінде Қытайдың экономикалық және әлеуметтік дамыту, Қытай Ауыл шаруашылығы министрлігі 2007 жылы қазіргі заманғы ауыл шаруашылығын дамытуға бағытталған «он бағдарламаны» іске асыра бастады. Бұл жерде мал шаруашылығында асыл тұқымды малдарды көбейту, экологиялық таза мал шаруашылығы және балық шаруашылығының дамуын ынталандыруды қарастырған [9].

АҚШ мемлекетінде 1985 жылы «АҚШ-тың азық-түлік қауіпсіздігі туралы» Жалпы Конгрессте қабылданған заңында, ауыл шаруашылығының дамуының негізі болды. Мал шаруашылығынан өндірілетін өнімдердің қауіпсіздігі туралы қарастырып өткен. 1990 жылы «Ауыл шаруашылық азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етуді қорғау туралы» заңына сәйкес мал өнімдері, балық өнімдері, құс өнімдері, шошқа өнімдерімен қамтамасыз ету және оны өндірудегі мәселелерді көрсетілген. 1996 жылы қабылданған «Ауыл шаруашылығын реформалау және жетілдіру туралы» заңында мал шаруашылығы өнімдерін көбейтуге фермерлерге еркіндік берген. Ал Франция мемлекетінде мал шаруашылығын дамуында және онымен айналысатын фермерлер мен кәсіпкерлердің мақсаттары мен міндеттері Аграрлық кодеспен реттеледі. Аграрлық секторы жақсы дамыған халықтың 90 пайызы ауыл шаруашылығымен айналысатын мемлекет ол – Израиль. Заңнамалары көбіне ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығының ірі қара мал, шошқа және құс шаруашылығын реттейді. Малды асылдандыру, селекция мәселесі де кең дамыған және арнайы заңмен реттеледі.

Қорыта келегеде, Қазақстан Республикасында мал шаруашылығын дамыту мақсатында, алдыға мынандай міндеттер туындап отыр. Біріншіден, «Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» Қазақстан Республикасының заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет. Малды асылдандыру жүйесін үдетіп мемлекет тарапынан қолдау жасау керек. Экспорт деңгейін көтеріп, импорт деңгейін жақсарту міндетін алдымызға қою қажет. Селекция мәселесін мемлекеттік қадағалау деңгейін өсіре отырып, дұрыс жүзеге асырылуын қамтамасыз ету.

Екіншіден, «ҚР-да Мал шаруашылығы саласын дамыту» туралы бағдарламасының жобасын жасап, ірі қара мал шаруашылығын, қой шаруашылығын, құс шаруашылығын, шошқа, бал арасы шаруашылығын, аң шаруашылығын және басқаларды құқықтық мәселелері қарастырып өту керек.

Үшіншіден, құс шаруашылығын дамытуда «Құс шаруашылығы туралы» нормативтік құқықтық актіні қабылдауды жоспарлау керек.

Төртіншіден, эпизоотиялық салауаттылықты және мал шаруашылығы өнімінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралардың жергілікті жерлерде толық және сапалы орындалмауына байланысты, Ветеринариялық заңнама талаптарының дұрыс орындалмауына сәйкес бақылау мен қадағалауды мемлекет тарапынан жүзеге асырылу керектігі туындап отыр. Ауыл шаруашылығы заңнамаларын жүйелендіретін ҚР-ның Аграрлық кодексін қабылдап, осы сала бойынша нормативтік құқықтық актілерді бір жүйеге келтіру керек.

1. Агробизнесіні ұйымдастыру /Жалпы редакциясын басқарған С. Әбділдин: Оқулық. – Алматы ; Қазұлтарғу, 2001.-472 б.

2. «Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» Қазақстан Республикасының өзгерістері мен толықтырулары 14.12.2001 ж. N 269-II Заңы // Параграф ақпараттық құқықтық жүйесі/2011 ж.

3. Қазақстан Республикасы Президенті. 2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасы туралы: 5 маусым 2002 жылы N 889 Жарлық (ҚР Президентінің 31.03.03 ж. N 1051 Жарлығымен енгізілген өзгерістерімен) // Параграф ақпараттық құқықтық жүйесі/2011 ж.

4. [www.government.kz /law/](http://www.government.kz/law/)

5. Қазақстан Республикасы Үкіметі. Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы акционерлік қоғамын дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы: 13 қаңтар 2006 жыл № 41 Қаулысы. // Параграф ақпараттық құқықтық жүйесі/2011 ж.

6. Қазақстан Республикасы Үкіметі. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың 2006 - 2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2006 - 2008 жылдарға арналған бірінші кезектегі шаралар бағдарламасын бекіту туралы: 2006 жылғы 6 наурыздағы № 149 Қаулысы(2007.05.10. берілген [өзгерістер мен толықтыруларымен](#) // Параграф ақпараттық құқықтық жүйесі/2011 ж.

7. <http://www.baq.kz/4509.html>

8. Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына 2011 Жолдауы// Параграф ақпараттық құқықтық жүйесі/2011 ж.

9. [http://82.200.160.39/download/zarop/ap\\_chaina\\_kaz.DOC](http://82.200.160.39/download/zarop/ap_chaina_kaz.DOC).

\*\*\*

In given the article of exploring legal problem regulation sphere animal industries, the holy comparative the analysis of legislation of Republic Kazakhstan and China, USA, the Israel, Francium's on basis author made recommendation on perfecting acting legislation of Republic Kazakhstan

\*\*\*

В данной статье исследованы правовые проблемы регулирования сферы животноводства, проведен сравнительный анализ законодательства Республики Казахстан и КНДР, США, Израиля, Франции. На этой основе автором сделаны рекомендации по совершенствованию действующего законодательства Республики Казахстан.